

«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұғалжар аудандық білім
бөлімі» ММ-нің әдістемелік
кабинет әдіскері
Г.К. Нурмағанбетова
« 08 » 09 2020 ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы»
МҚКК меңгерушісі
К.С. Медеуова
« 08 » 09 2020 ж.



Вариативтік компонент

«Сиқырлы әріптер әлемі»

Бағдарламаны дайындаған:
№5 «Балапан» МАД тобының
тәрбиешісі Кубжанова Ж.О.

Қандығаш қаласы

Түсінік хат

«Қарлығаш» бөбекжай –балабақшасы» МКҚК
2019-2020 оқу жылында «Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2012 жылғы 20-шы желтоқсандағы №557 бұйрығына сәйкес №5 «Балапан» мектеп алды даярлық топ вариативтік компонентінің 1 сағатына **«Сиқырлы әріптер әлемі»** тақырыбы таңдалынып алынды.

Сауат ашу кезеңінде балалар дыбыстарды айтуға дағдылануымен бірге олардың қалай таңбаланатынымен танысады. Дыбыстардың таңбасын білу, әріптерді үйрену –сауатты болудың алғашқы баспалдағы. Әріптерді білу арқылы жазуды меңгереді.

Сауат ашу кезінде балалар сөздің дыбыс, буын құрамын меңгереді, сөйлеммен танысады. Буындардан қалайша сөз құрауға болатынын біледі, жаңа сөздер үйреніп, сөздік қорларын байытады, практикалық түрде қазақ тілінің нормасына сай сөйлем құрастырып, өз ойларын айтып беруге дағдылана бастайды.

Сауат ашу кезінде сөз бен сөйлемдерді саналы, дұрыс оқуға дағдыландырумен қатар әріп элементтері мен жекелеген әріптерді түзу жазып дағдылану барысында балаларға табиғат, адамдардың өмір сүруі жөнінде мағлұматтар беріліп, олардың айналадағы заттар мен құбылыстар туралы түсінігі кеңейе түседі.

«Қарлығаш бөбекжай –бақшасы»
МКҚК –ның тәрбиешісі
Ж.У.Кубжанованың
«Сықырлы әріптер әлемі» атты
вариативтік компонентіне

Пікір

Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті –балаға хат таныту, яғни оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында балалардың тілі мен ой –өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады.

Сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті. Сауат ашудың негізгі мақсаты – болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел –жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделі 5-6 жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Себебі, сауат ашу жұмысы балалардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейлінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

«Қарлығаш» бөбекжай бақшасы»
әдіскері:



Кулжанова Г.С

Бағдарламаның мақсаты:

Отбасымен тығыз серіктестік қатынас орната отырып, балада шығармашыл тұлға қалыптастыру мен тәрбиелеу, ұлттық дәстүрді сақтау, балаларды ұлттық мәдениет пен ұлтаралық қарым – қатынас мәдениетімен таныстыру.

Міндеттері:

1. Бала өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, дене бітімін дамыту, ұлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың көркем әдебиет пен халық ауыз әдебиетіне алғашқы қызығушылықтарын қалыптастыру.
3. Тәрбие басы біріншіден, әдептілікке үйрету. Екінші, баланы қайырымды, иманды, мейірімді болуға баулу. Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек, адал, шыншыл, ата-ананы, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, сонымен қатар елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.
4. Балабақшамен ата – аналар ынтымақтастықта жұмыс жүргізу, балаларға тиісті көңіл бөліп, олармен санаса білу арқылы келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтарын тәрбиелеу.

Тақырыптық күнтізбелік жоспар

р/с	Тақырыбы	Сағат/с	күні
1	Сөйлеммен танысайық	1	
2	Сөз	1	
3	Т дыбысы және әрпі	1	
4	П дыбысы мен әрпі	1	
5	К дыбысы және әрпі	1	
6	Л дыбысы және әрпі	1	
7	У дыбысы және әрпі	1	
8	Ш дыбысы және әрпі	1	
9	Й дыбысы және әрпі	1	
10	Д дыбысы және әрпі	1	
11	Ы дыбысы және әрпі	1	
12	Ж дыбысы және әрпі	1	
13	Ү дыбысы және әрпі	1	
14	И дыбысы және әрпі	1	
15	З дыбысы және әрпі	1	
16	Г дыбысы және әрпі	1	
17	Я дыбысы және әрпі	1	
18	Ю дыбысы және әрпі	1	
19	Х дыбысы және әрпі	1	
20	Һ дыбысы және әрпі	1	
21	В дыбысы және әрпі	1	
22	Ф дыбысы және әрпі	1	
23	Ё дыбысы және әрпі	1	
24	Э дыбысы және әрпі	1	
25	Щ дыбысы және әрпі	1	
26	Ц дыбысы және әрпі	1	
27	Ч дыбысы және әрпі	1	
28	Ь белгісі және әрпі	1	
29	Ъ белгісі және әрпі	1	
30	Буынға бөлейік	1	
31	Жоғалған сөздер	1	
32	Заттардың жеке атауын ата	1	
33	Сөз және сөйлем құрайық	1	
34	Сурет бойынша әңгіме «Тамақтану»	1	
35	Сурет бойынша әңгіме «Жазда көл жағасында»	1	
36	Білім еліне саяхат	1	
Барлығы: 36сағат			

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	С/с	Күні
1	Сөйлеммен танысайық	Балаларға сөйлем туралы түсінік беру, Суретке карап сөйлем құрау. Сөздік қорларын дамыту. Ұқыпты, мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.	Суреттер, жұмбақтар.	1	
2	Сөз	Балаларда сөз туралы түсінік қалыптастыру. Адамдар өмірде, еңбекте, ойында сөз арқылы түсінісетінін білдіру. Сөз – ұзын, қысқа болатынын үйрету. Есту қабілеттерін дамыту. Сөзді еститінін, айтатынын, іс-әрекет арқылы машықтандыру. Бір біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.	Ойыншықтар, түстері әртүрлі, мөлшерлері бірдей екі машина, аю, қуыршақ, кубик, доп.	1	
3	Т дыбысы және әрпі	Балаларға т әрпі, дыбысы туралы жалпы ұғым беру, т дыбысы бар сөздерді айтқызу, дыбыстық, буындық талдау жасауды меңгерту. Таза, көркем жазуға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Әліпби, кеспе әріп қассасы, суреттер, текшелер, торсық, торғайдың суреті.	1	
4	П дыбысы және әрпі	Балаларға дыбысы мен әрпін таныту, оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру. П дыбысына қатысты жаңа сөздерді таныту арқылы балалардың білімін жетілдіру, тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Парта, піл суреттері. Кеспе әріптер.	1	
5	К дыбысы және әрпі	К дыбысымен таныстыру. К дыбысына тіл ұстарта отырып, сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасатуға үйрету. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	
6	Л дыбысы және әрпі	Л дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ойын арқылы тілдерін, ой-өрістерін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Л дыбысы бар сөздерді ойлап табуға, дауысты – дауыссыз дыбыстарды бір – бірінен ажыратуға, баспа түрде жазуға дағдыландыру. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	
7	У дыбысы және әрпі	У әрпін таныстыру, у әрпі бар сөзді оқуға, жазуға үйрету. Сөздік қорларын дамытып, көркем жазуға баулу. Балалардың ауызекі сөйлеу	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	

		тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.			
8	Ш дыбысы және әрпі	Балалардың «Ш» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	
9	Й дыбысы және әрпі	Й дыбысы мен әрпін таныстыру. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	
10	Д дыбысы және әрпі	Д дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ойын арқылы тілдерін, ой-өрістерін, сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Д дыбысы бар сөздерді ойлап табуға, дауысты – дауыссыз дыбыстарды бір – бірінен ажыратуға, баспа түрде жазуға дағдыландыру. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар. Домбыра, доптың суреттері.	1	
11	Ы дыбысы және әрпі	Балаларға Ы дыбысы мен әрпін меңгерту, сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ы дыбысының артикуляциясын дұрыс қолданып, дұрыс айтуға үйрету. Ы дыбысының орнын анықтау, ауызша әңгімеден кейін сызбаға сәйкес сөйлемдер құрауға, сурет бойынша әңгіме құруға үйрету. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әліппе, текшелер, сюжетті суреттер, үлестірмелі суреттер.	1	
12	Ж дыбысы және әрпі	Балаларды Ж дыбысы мен әрпімен таныстыру, сол арқылы берілген оқу мен жазуға үйрету. Ж дыбысы бар сөздерді оқыту, жаздыру, осы әріп арқылы сөздер құрастыра отырып, ойларын өрбіту. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Ойыншықтар, суреттер, кеспе әріптер, әртүрлі текшелер.	1	
13	Ұ дыбысы және әрпі	Ұ дыбысының артикуляциялық ерекшеліктерін түсіндіру, айтылу	Сурет, кеспе әріптер.	1	

		ерекшеліктерін қалыптастыру. Ұ дыбысын дауыстап, дұрыс айтуға үйрету. Дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін, фонематикалық есту қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
14	И дыбысы және әрпі	И дыбысы мен әрпін таныту, ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету. И дыбысы қатысты жаңа сөздерді білдіру арқылы балалардың жалпы ой - өрісін, тілін дамыту. «Ит – жеті қазынаның бірі» - нақыл сөзінің мағынасын түсіндіру, итке қамқор бола білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, қасса, суреттер, текшелер.	1	
15	З дыбысы және әрпі	З дыбысы мен әрпімен таныстыру. З дыбысына қатысты сөздерге дыбыстық, буындық талдау жасату, дауыссыз дыбыс екенін меңгерту. З әрпінің баспа, жазба түрінің бас әрпін, кіші әрпін таныту. Мәтінмен жұмыс жасату. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, суреттер, текшелер.	1	
16	Г дыбысы және әрпі	Г дыбысымен таныстыру. Г дыбысына тіл ұстарта отырып, сөз құрату, буын ішінде бекіту, дыбыстық талдау жасатуға үйрету. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	
17	Я дыбысы және әрпі	Я дыбысы бар сөздерді оқуға үйрету. «Сұр қоян» өлеңін мәнерлеп оып беру арқылы, мазмұнын түсіндіруге үйрету. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар, сөзжұмбақ.	1	
18	Ю дыбысы және әрпі	«Ю» дыбысын меңгертіп, әрпін таныту. Сөздер оқыту, сөйлем құрату. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Сурет, кеспе әріптер, қима буындар.	1	
19	Х дыбысы және әрпі	Х дыбысына қатысты жаңа сөздерді таныту. Тілін дамыту, сөздік қорларын	Сурет, кеспе әріптер.	1	

		молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.			
20	Һ дыбысы және әрпі	Һ дыбысын білдіру арқылы балалардың тіл байлығын, ой - өрісін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, білімділікке, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу.	Кеспе әріптер.	1	
21	В дыбысы және әрпі	Я дыбысы мен әрпімен таныстыру. Я дыбысына қатысты сөздерге дыбыстық, буындық талдау жасату, дауыссыз дыбыс екенін меңгерту. Я әрпінің баспа, жазба түрінің бас әрпін, кіші әрпін таныту. Мәтінмен жұмыс жасату. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, суреттер, текшелер.	1	
22	Ф дыбысы және әрпі	Ф дыбысы мен әрпімен таныстыру. Ф дыбысына қатысты сөздерге дыбыстық, буындық талдау жасату, дауыссыз дыбыс екенін меңгерту. Ф әрпінің баспа, жазба түрінің бас әрпін, кіші әрпін таныту. Мәтінмен жұмыс жасату. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, суреттер, текшелер.	1	
23	Ё дыбысы және әрпі	Балалардың «Ё» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балаларды білімділікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, суреттер, ёлка, шахтёр, монтёр.	1	
24	Э дыбысы және әрпі	Э дыбысы мен әрпімен таныстыру. Э дыбысына қатысты сөздерге дыбыстық, буындық талдау жасату, дауыссыз дыбыс екенін меңгерту. Э әрпінің баспа, жазба түрінің бас әрпін, кіші әрпін таныту. Мәтінмен жұмыс жасату. Балалардың ауызекі сөйлеу тілдерін, ойын дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, суреттер, текшелер.	1	
25	Щ дыбысы және әрпі	Жаңа дыбыспен таныстыра отырып,	Кеспе	1	

		оқуға, жазуға үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	әріптер, суреттер.		
26	Ц дыбысы және әрпі	Ц дыбысына байланысты орыс тілінен енген сөздерге түсінік беру арқылы балалардың сөздік қорын, сурет бойынша әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Суреттер	1	
27	Ч дыбысы және әрпі	Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімдерін бекіту. Дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Суреттер	1	
28	Ь белгісі және әрпі	Балаларды Ы белгісімен таныстыру, таныту. Ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету. Ы белгісі қатысты сөздерді оқыту арқылы білімі мен ой өрісін, тілін дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, текшелер, суретті үлгілер.	1	
29	Ъ белгісі және әрпі	Балаларды Ъ белгісімен таныстыру, таныту. Ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету. Ъ белгісі қатысты сөздерді оқыту арқылы білімі мен ой өрісін, тілін дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, текшелер, суретті үлгілер.	1	
30	Буынға бөлейік	Сөздердің бір буыннан да, көп буыннан да тұратынын білдіру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Буындық белгіні қол жаттықтыру дәптеріне жаздыру.	Суретті үлгі құралы – қыз баланың суреті, текшелер, ойын, дәптер, қалам.	1	
31	Жоғалған сөздер	Өткен дыбыстарды қайталау, зейінін бақылау. «Жоғалған сөздер» ойынымен таныстыра отырып, сөздер, сөйлем құруға және дұрыс буынға бөлуін қадағалау. Жазуға деген қызығушылықты арттыру. Қолдарын әдемі жазуға тәрбиелеу.	Әліпби, кеспе әріп қассасы, суреттер, текшелер, торсық, торғайдың суреті.	1	
32	Заттардың жеке атауын ата	Жеке заттардың атауларын білу, оның ішінде жеміс атауларымен таныстыру. Оларды не үшін пайдаланамыз, олар қайда өседі? Олардан не жасалатынын денсаулыққа адам ағзасына қандай пайдасы бар екенін түсіндіру.	Жеке суреттер, себетке салынған жемістер.	1	

		Қызығушылықтарын арттыру, дамыту. Адам еңбегін бағалай білуге, тазалыққа тәрбиелеу.			
33	Сөз және сөйлем құрайық.	Сөз бен сөйлемнің құрастыру жолдарын ұғындыру. Балаларға сөз бен сөйлемді ажырата білуіне мән беру.	«Жабайы аңдар», «Оқу құралдары» және «Осы суреттерден өзгешесін тап» атты суреттер.	1	
34	Сурет бойынша әңгіме «Тамақтану»	Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру. Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшеліктерін меңгерту арқылы сөздегі дыбыстарды айқын естіп, дұрыс айта білу қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, шашандыққа тәрбиелеу.	Тағам түрлерінің суреттері.	1	
35	Сурет бойынша әңгіме «Жазда көл жағасында»	Сурет арқылы әңгіме құруға үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Өз ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Жаз мезгілінің суреті.	1	
36	Білім еліне саяхат	Балалардың жыл бойы алған білімдерінің сапасына көз жеткізу. Ана тіліндегі өткен дыбыстарды қайталау. Сөзді буынға бөліп және тұтас оқуға жаттықтыру. Сааут ашуда сөздік қорларын байыту, дамыту. Ойларын еркін жеткізе білуге тәрбиелеу.	Кеспе әріптер, текшелер, суретті үлгілер.	1	